

**KAZ Minerals International FZCO**

3402 блок, Platinum Tower (Платинум Тауэр),
JLT-PH1-I2 учаске
Jumeirah Lakes Towers (Джумейра Лэйкс Тауэрс),
Дубай
Біріккен Араб Әмірліктері

2025 жылғы 17 желтоқсан

**2025 ЖЫЛҒЫ 30 ҚЫРКҮЙЕКТЕ АЯҚТАЛҒАН ТОҒЫЗ АЙ МЕН ҮШІНШІ ТОҚСАН БОЙЫНША
KAZ MINERALS ТОБЫНЫҢ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

		9 m 2025	9 m 2024	Q3 2025	Q2 2025	Q3 2024
Мыс өндіру¹	мың тонна	275,7	287,0	91,7	93,6	96,1
Ақтоғай	мың тонна	171,6	172,2	56,8	58,8	58,3
Бозшакөл	мың тонна	70,7	79,2	23,1	24,2	25,8
Шығыс өңірі және Бозымшақ	мың тонна	33,4	35,6	11,8	10,6	12,0
Алтын өндіру ²	мың унция	95,7	110,9	33,1	31,6	35,0
Күміс өндіру ²	мың унция	2 730	2 750	955	891	875
Концентраттағы мырыш	мың тонна	34,3	31,3	13,9	11,1	8,8
Мыс сату³	мың тонна	252,8	295,0	76,8	95,7	91,9
Алтын сату ⁴	мың унция	95,6	120,4	30,6	32,3	36,4
Күміс сату ⁴	мың унция	2 716	3 014	853	968	1 126
Концентраттағы мырышты сату	мың тонна	35,9	35,7	15,4	10,9	10,4

¹ Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

² Концентраттағы төленетін металл көлемі

³ Ақтоғай кен орнының оксид кенінен толлинг және катодты мыс схемасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

⁴ Толлинг схемасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

Негізгі көрсеткіштер

- 2025 жылдың алғашқы тоғыз айында Ақтоғай және Бозшакөл кеніштері кен өңдеудің рекордтық көлеміне жетті, бұл Топтың өнімділікті барынша арттыруға бағыт алғанын көрсетеді.
- 2025 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзім ішінде мыс өндіру көлемі 276 мың тоннаны құрады, бұл 2024 жылғы 9 айлық көрсеткіштен 4%-ға төмен (287 мың тонна), себебі қайта өңдеу көлемінің ұлғаюы мыс құрамының және алу коэффициенттерінің азаюымен өтелді.
- Шығыс өңірде полиметалл кенін өңдеу көлемін арттырудың арқасында концентраттағы мырышты өндіру көлемі 10%-ға, яғни 34 мың тоннаға дейін ұлғайды (2024 ж. 9 ай: 31 мың тонна). Бағалы металдарды өндіру көлемінің азаюы металл құрамы едәуір төмен учаскелерді игерумен байланысты болды.
- Мыс салу көлемі 253 мың тоннаны құрады, бұл үшінші тоқсанда қорлардың жинақталуына және қыркүйек айындағы қысқа мерзімді транзиттік кешіктіруге байланысты өндіру көлемінен 8%-ға төмен көрсеткіш, дегенмен аталған жағдайлар қазан және қараша айында жақсарды.

KAZ Minerals Тобының Басқарма төрағасы Андрей Третьяков бұл туралы былай деді: «2025 жылы KAZ Minerals Ақтоғай мен Бозшакөл кен өңдеу көлемі бойынша жаңа рекорд орнатуды жалғастырды, бұл Топқа кендегі мыс құрамының жоспарлы төмендеуіне қарамастан алғашқы тоғыз ай ішінде 276 мың тонна мыс өндіруге мүмкіндік берді. Мысқа деген сұраныс жоғары болып қалып отыр, бұл ретте KAZ Minerals-тың өз тапсырыс берушілеріне жауапты өндіріс қағидаттарына сәйкес өндірілген мысты сенімді түрде жеткізу үшін қажетті мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар біз өндірісіміздің тиімділігі мен тұрақтылығын арттырып келеміз».

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері:

KAZ Minerals

Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті,	
Джиллиан Литтл	Алматы	Тел.: +7 727 244 03 53
	Корпоративтік хатшы, Дубай	Тел.: +971 4560 5100

ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

Блок №: 3402, Platinum Tower (Платинум Тауэр), учаске №: JLT-PH1-I2, Jumeirah Lakes Towers (Джумейра Лэйкс Тауэрс), Дубай, Біріккен Араб Әмірліктері

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ

KAZ Minerals International FZCO (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Топ) – Қазақстанда ірі ауқымды және төмен шығынды кен орындарды ашық әдіспен игеретін мыс өндіруші. Топ Қазақстан Республикасы Абай және Павлодар облыстарындағы Ақтоғай және Бозшакөл ашық үлгідегі кеніштерінде, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарындағы үш жерасты кеніші мен ілеспе байыту фабрикаларында, сондай-ақ Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде операциялық қызметін жүргізеді.

2024 жылы KAZ Minerals Тобы 380 мың тонна мыс, 146 унция алтын, 3 728 мың унция күміс және 43 мың тонна концентраттағы мырыш өндірді. Ақтоғай және Бозшакөл ірі өндірістік кәсіпорындары Топтың әлемдік деңгейдегі ашық типті мыс кеніштері бар компания мәртебесін сақтай отырып, саладағы өсім көрсеткішінен асып түсті.

KAZ Minerals компаниясында Қазақстанда және Қырғызстанда 14 000-ға жуық адам жұмыс істейді.

		9 ай 2025	9 ай 2024	3-тоқ. 2025	2-тоқ. 2025	3-тоқ. 2024
Кен өндіру	мың тонна	61 413	64 631	21 086	20 842	22 636
Оксидті кен	мың тонна	4 232	9 687	668	2 199	2 984
Сульфидті кен	мың тонна	57 181	54 944	20 418	18 643	19 652
Оксидті кен						
Шоғырлы сілтісіздендіру алаңдарындағы тотыққан кен	мың тонна	4 232	9 687	668	2 199	2 984
Мазмұны	%	0,24	0,26	0,28	0,23	0,26
Катодты мыс	мың тонна	11,8	14,1	4,3	4,1	4,8
Сульфидті кен						
Сульфидті кенді қайта өңдеу	мың тонна	46 730	43 165	15 859	15 710	14 740
1 Сульфидті фабрика	мың тонна	23 218	20 840	8 162	7 633	7 168
2 Сульфидті фабрика	мың тонна	23 512	22 325	7 697	8 077	7 572
Өңделген кендегі орташа мөлшері	%	0,41	0,44	0,40	0,41	0,43
Шығарып алу коэффициенті	%	87,3	87,9	86,1	89,1	87,7
Концентраттағы мыс	мың тонна	167,3	165,5	54,9	57,3	56,0
Мыс өндіру¹	мың тонна	159,8	158,1	52,5	54,7	53,5
Мыс өндіру барлығы²						
	мың тонна	171,6	172,2	56,8	58,8	58,3
Күміс өндіру¹						
	мың унция	979	998	325	326	358
Концентраттағы молибден өндіру	тонна	3 307	2 994	1 166	1 132	1 033

¹ Концентраттағы төленетін металл көлемі

² Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

Ақтоғайда кен өндіру көлемі 2025 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде 61 413 мың тоннаға дейін, яғни 5%-ға қысқарды (2024 ж. 9 ай: 64 631 мың тонна), себебі жаңа учаскелерді болашақ өндіруге дайындау үшін тау-кен жұмыстары негізінен аршу жұмыстарын қамтыды. Оксидті кенді өндіру көлемі екінші тоқсанмен салыстырғанда төмендеді, себебі ресурс сарқылуда жақындап жатыр. Үшінші тоқсанда сульфидті кенді өндіру көлемі 10%-ға, яғни 20 418 мың тоннаға дейін (2024 3Т: 18 643 мың тонна) өсті, бұл едәуір терең деңгейжиектерге жетуді қамтамасыз ету мақсатында селдір кенді өндіру көлемінің артуымен байланысты болды.

Сульфидті кенді өңдеу көлемі 2025 жылғы тоғыз ай ішінде 46 730 мың тоннаны құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда 8%-ға өсті (2024 ж. 9 ай: 43 165 мың тонна), бұл ретте екі сульфидті фабрика рекордтық өнімділікке жетті. 1-сульфидті фабрикада кенді өңдеу көлемі 23 218 мың тоннаны құрады, бұл 2024 жылғы 9 айлық көрсеткіштен 11%-ға жоғары (20 840 мың тонна) және ұнтақтау көрсеткіштерінің жақсаруына байланысты болды. Үшінші тоқсанда 2-сульфидті фабриканың өнімділігі тамыз айында ЖӨҰ диірменінің қаптамасын жоспарлы ауыстыру салдарынан 5%-ға, 7 697 мың тоннаға дейін (2Т: 8 077 мың тонна) төмендеді.

Сульфидті кеннен мыс өндіру көлемі 159,8 мың тоннаны құрап, 2024 ж. 9 ай көрсеткішінен сәл асып түсті (158,1 мың тонна), себебі едәуір жоғары алу және өңдеу көрсеткіштері металл құрамының азаюын өтеді (0,44%-бен салыстырғанда 0,41%). Кен құрамы мен көлемінің азаюының аясында оксидті кеннен катодты мысты өндіру көлемі 16%-ға, яғни 11,8 мың тоннаға дейін қысқарды (2024 ж. 9 ай: 14,1 мың тонна). Мыс құрамының артуының (0,23%-бен салыстырғанда 0,28%) және әлдеқайда жылы ауа-райының арқасында үшінші тоқсанда катодты мысты шығару көрсеткіші 5%-ға, яғни 4,3 мың тоннаға дейін өсті (2Т: 4,1 мың тонна).

Мыс өндірудің жалпы көлемі 171,6 мың тоннаны құрады, бұл металл құрамының төмендегеніне қарамастан, жоғары операциялық көрсеткіш көрсете отырып, 2024 жылғы 9 ай ішіндегі көлеммен салыстырмалы болып табылады (172,2 мың тонна). Үшінші тоқсанда күміс өндіру көлемі 325 мың унция құрады (2Т: 326 мың унция); металдың едәуір төмен құрамына байланысты 9 ай ішіндегі өндіріс көлемі 2%-ға, яғни 979 мың унцияға дейін азайды (2024 ж. 9 ай: 998 мың унция). Молибден өндіру көлемі металдың жоғары құрамының арқасында 10%-ға, яғни 3 307 тоннаға дейін ұлғайды (2024 ж. 9 ай: 2 994 тонна).

		9 ай 2025	9 ай 2024	2025 ж. 3-тоқ.	2025 ж. 2-тоқ.	2024 ж. 3-тоқ.
Кен өндіру	мың тонна	26 186	26 173	7 940	9 171	8 469
Сульфидті кен	мың тонна	21 664	21 857	6 595	7 554	7 261
Сазды кен	мың тонна	4 522	4 316	1 345	1 617	1 208
Қайта өңделген кен	мың тонна	26 670	25 983	8 628	9 159	8 671
Мыс						
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,38	0,41	0,39	0,38	0,40
Мыс алу коэффициенті	%	73,4	78,2	72,5	73,3	77,6
Концентраттағы мыс	мың тонна	74,0	83,0	24,2	25,3	27,0
Мыс өндіру¹	мың тонна	70,7	79,2	23,1	24,2	25,8
Алтын						
Қайта өңделген кендегі алтынның орташа мөлшері	г/т	0,19	0,22	0,18	0,19	0,21
Алтын алу коэффициенті	%	43,2	47,7	46,4	41,2	48,4
Концентраттағы алтын	мың унция	69,9	87,0	23,1	23,1	27,8
Алтын өндіру²	мың унция	65,4	81,3	21,6	21,6	26,0
Күміс өндіру¹	мың унция	540	674	159	197	208

¹Концентраттағы төленетін металл.

2025 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзім ішінде өндірілген кен көлемі 26 186 мың тоннаны құрады, мұны 2024 ж. 9 айлық көрсеткішімен бірдей деуге болады (26 173 мың тонна). Үшінші тоқсандағы өндіру көлемі сульфидті фабрикаға жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге байланысты екінші тоқсанмен салыстырғанда (9 171 мың тонна) 13%-ға төмендеді, бұл тікелей кен беруге деген қажеттілікті қысқартты; тау-кен техникасы болашақ кенжарларды дайындау үшін аршыма жұмыстарға назар аударылды.

Қайта өңделген кеннің жалпы көлемі 3%-ға өсіп, 26 670 мың тоннаны құрады (2024 ж. 9 ай: 25 983 мың тонна), бұл ретте сульфидті байыту фабрикасы да, сазды кенді қайта өңдеу фабрикасы да жобалық қуаттан асып жұмыс істеді. Өндірістік жақсартулар ұнтақтау өнімділігі мен техникалық дайындық көрсеткіштерін арттырып, тоғыз ай ішінде рекордтық өндіріс көлемін қамтамасыз етті. Қыркүйек айында сульфидті фабрикада ЖӨҰ диірменінің қаптамасын жоспарлы ауыстыруға байланысты үшінші тоқсандағы өндіру көлемі 6%-ға, 8 628 мың тоннаға дейін төмендеді (2Т: 9 159 мың тонна).

Мыс шығару көлемі 11%-ға, яғни 70,7 мың тоннаға дейін азайды (2024 ж. 9 ай: 79,2 мың тонна), себебі металдың едәуір төмен құрамы (0,41%-бен салыстырғанда 0,38%) және алу коэффициентінің төмендеуі (78,2%-бен салыстырғанда 73,4%) жоғары өңдеу көлемін өтеді. Кеннің күрделі минерологиялық құрамы алу көрсеткіштеріне теріс әсер етті. Мыс өндіру көлемі үшінші тоқсанда 23,1 мың тоннаны құрады, бұл алу және өңдеу көрсеткіштерінің төмендеуі салдарынан екінші тоқсанға (24,2мың тонна) қарағанда 5%-ға аз болды.

Үшінші тоқсанда алтын өндіру көлемі 21,6 мың унция құрады, бұл алдыңғы тоқсанның көрсеткішіне сәйкес келеді, алайда алтын мөлшері мен алтынды алу көрсеткіштерінің төмендеуіне байланысты өндіру көлемі 9 ай ішінде 20%-ға, яғни 65,4 мың унцияға дейін төмендеді (2024 ж. 9 ай: 81,3 мың унция). Күміс өндіру көлемі 20%-ға, яғни 540 мың унцияға дейін қысқарды (2024 ж. 9 ай: 674 мың унция), бұл екі фабрикадағы күміс құрамы мен күмісті алу коэффициентінің азайғанын көрсетеді.

		9 ай 2025	9 ай 2024	2025 ж. 3- тоқ.	2-тоқ. 2025	2024 ж. 3- тоқ.
Кен өндіру	мың тонна	2 578	2 489	879	855	809
Қайта өңделген кен	мың тонна	2 643	2 579	965	884	820
Мыс						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері	%	1,52	1,63	1,48	1,47	1,74
Шығыс өңірі	%	1,89	2,07	1,80	1,82	2,23
Бозымшақ	%	0,65	0,64	0,70	0,62	0,68
Орташа алу коэффициенті	%	87,6	89,4	87,2	86,5	88,6
Шығыс өңірі	%	87,9	90,4	87,3	86,9	90,2
Бозымшақ	%	85,4	82,0	86,2	84,1	76,9
Концентраттағы мыс	мың тонна	35,3	37,5	12,5	11,3	12,7
Шығыс өңірі	мың тонна	30,9	33,4	10,8	9,9	11,4
Бозымшақ	мың тонна	4,4	4,1	1,7	1,4	1,3
Мыс өндіру¹	мың тонна	33,4	35,6	11,8	10,6	12,0
Шығыс өңірі	мың тонна	29,3	31,7	10,3	9,3	10,8
Бозымшақ	мың тонна	4,1	3,9	1,5	1,3	1,2
Алтын өндіру¹	мың унция	28,2	29,6	11,3	8,7	9,0
Күміс өндіру¹	мың унция	1 211	1 078	471	368	309
Концентраттағы мырыш	мың тонна	34,3	31,3	13,9	11,1	8,8

¹ Концентраттағы төленетін металл көлемі

Кен өндіру көлемі 2025 жылғы алғашқы тоғыз ай ішінде 2 578 мың тоннаны құрады, бұл Артемьев (+9%) және Бозымшақ (+10%) кеніштерінде өндіру көлемінің артуының арқасында былтырғы жылмен салыстырғанда 4%-ға

жоғары (2024 ж. 9 ай: 2 489 мың тонна). Үшінші тоқсандағы өндіру көлемі Орлов кенішінде өндірістің ұлғаюының арқасында 3%-ға, яғни 879 мың тоннаға дейін өсті (2Т: 855 мың тонна).

30 қыркүйекке дейінгі мерзім ішінде өңделген кен көлемі 2 643 мың тоннаны құрады, бұл 2024 ж. 9 айлық көрсеткіштен 2%-ға жоғары (2 579 мың тонна), бұған Артемьев кенішінен Николаев байыту фабрикасына кен беру көлемінің ұлғаюы себеп болды. Бұл Орлов кенішінде кен өндіру деңгейі төмендегендіктен көлемнің 8%-ға азаюымен ішінара өтелді.

Мыс өндіру көлемі 33,4 мың тоннаға дейін азайды (2024 ж. 9 ай: 35,6 мың тонна), бұл негізінен Орлов кенішінде кендегі мыстың едәуір төмен құрамына (3,19%-бен салыстырғанда 2,88%) және алу көрсеткішінің төмендеуіне байланысты болды. Николаев байыту фабрикасындағы өндіру көлемі тұрақты болып қалды, себебі өнімділіктің артуы алу көрсеткіштерінің төмендеуін өтеді. Өңдеу көлемі өзгеріссіз қалғанына қарамастан, сонымен қатар кендегі металл құрамының және алу көрсеткішінің жақсаруының арқасында Бозымшақ кенішінде өндіру көлемі 4,1 мың тоннаны құрады, бұл 2024 ж. 9 айлық көрсеткіштен 5%-ға жоғары (3,9 мың тонна).

Кендегі алтын құрамының азаюына байланысты алтын өндіру көлемі 5%-ға төмендеп, 28,2 мың унция құрады (2024 ж. 9 ай: 29,6 мың унция), оның ішінде Бозымшақ кенішінде бұл көрсеткіш 10%-ға төмендеп, 19,6 мың унция құрады (2024 ж. 9 ай: 21,8 мың унция). Өңдеу көлемінің, алтын құрамының және алу көрсеткіштерінің артуының арқасында Шығыс өңірдің өндіру көлемі 10%-ға артып, 8,6 мың унцияны құрады (2024 ж. 9 ай: 7,8 мың унция). Үшінші тоқсанда алтын өндіру деңгейі алтын құрамы мен көлемі артқандықтан, екінші тоқсанмен салыстырғанда (8,7 мың унция) 30%-ға өсті.

Николаев байыту фабрикасында кен құрамы мен өңдеу көлемі артқандықтан күміс өндіру көлемі 12%-ға, 1 211 мың унцияға дейін өсті (2024 ж. 9 ай: 1 078 мың унция). Өңдеу көлемінің, мырыш құрамы мен алу көрсеткіштерінің ұлғаюының арқасында концентраттағы мырышты өндіру көлемі 10%-ға, яғни 34,3 мың тоннаға дейін ұлғайды (2024 ж. 9 ай: 31,3 мың тонна).